

# Автокөліктің зарядтау құрылғысы DEXR DCUB5ANQC5B

## Төмен вольтты жабдықтың мақсаты

Автокөліктің зарядтау құрылғысы Сіздің сандық құрылғыңыздың аккумуляторын тұтатқыш ойығынан зарядтауға арналған.

## Сақтық шаралары

- Желілік зарядтау құрылғысын судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
- Зарядтау құрылғысын бөлшектемеңіз, құлатпаңыз және шайқамаңыз.
- Зақымданған шоғырсымдармен зарядтау құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Пайдаланбайтын зарядтау құрылғысын тұтатқыштан өшіріңіз.
- Бұйымды бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Бұйымды тұтатпаңыз және қыздырмаңыз. Оны қоршаған орта температурасы 60 °C-тан жоғары болған кезде пайдаланбаңыз. Оны ұзақ уақыт тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Бұйымды қысқа тұйықтамаңыз.
- Құрылғыны бұзбаңыз, теспеніз және жоғары қысым әсеріне ұшыратпаңыз.
- Балалардың көзінше бұйымды қараусыз қалдырмаңыз.

## Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

- Зарядтау құрылғысын автомобильдің тұтандырғышына қосыңыз.
- Кәбіл жалғастырғышын Сіздің мобильді құрылғыңыздың тиісті жалғастырғышына қосыңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар ыдыстардан қашықтықта болуы тиіс.

## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: DCUB5ANQC5B.
- Қосу жалғағышының түрі: USB.
- USB жалғағыштар саны: 2 дана.
- Жалпы кір. қуаттылығы: 25+ Вт.
- Жиынтықтағы шоғырсым: жоқ.
- Жылдам зарядтаудың бары: иә.
- Корпус материалы: пластик.
- Түсі: қара.

## Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және жою ережелері мен шарттары

- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы 5°C-дан 40°C-ға дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл бұлары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғына тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққылар, ылғал, от және т.б. әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті

нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

## **Кепілдікті қызмет көрсету шарттары**

Өндіруші құрылғының барлық кепілді мерзім ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастыруында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдікті кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Шэньчжэнь Хоунстар Электроник Ко., Лтд.

6Ф, Корп. А6, Тяньжуй өнеркәсіптік паркі, Фуюань 1-ші тас жолы 35, Синьхэ Комьюнити, Фухай көш., Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының жинақталуы, сондай-ақ оның сыртқы түрі мен сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Ғаламтордағы мекенжайы: [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

